

## Билер соты әлем өркениетінде

Тұңғыш Президентіміз – Елбасымыз Н.Назарбаев өткен жылдың тамыз айындағы Ұлытау төріндегі ұлт туралы толғанысында: «Біз өз тарихымызды жаңадан игеріп, біліп жатқан елміз. Қазақтың тарихы өте бай. Біздің елдігіміз, қазақ жұртының арғы түбі ғұндардан басталады. Ғұндардан кейін көк түріктерге жалғасады. Одан кейін Алтын Орда орнығады. Сөйтіп, хандық дәуірге ұласып, кейін біртіндеп Тәуелсіздікке келіп тіреледі. Осындай үлкен тарихымыз бар. Жастарымыз мұны білуі керек. Біз кеше ғана пайда бола қалған халық емеспіз», – деген болатын.

Осы мақсатпен Ұлтымыздың Көшбасшысы биылғы жылы Қазақ хандығының бес жарым ғасырлық мерейтойын кеңінен атап өту жөнінде игі бастама көтеріп, қоғамдық сананы серпілтер сан алуан іс-шараларға жол ашып берді. Осы тұрғыдан алғанда, біз заңгер ретінде еліміздің қазіргі мемлекеттік билігінің үш тармағының бірі – сот жүйесінің өткен замандағы және қазіргі қоғамдағы орны, мән-маңызы, мақсат-міндеті жайлы сөз қозғауды жөн көрдік.

Қазақ халқының көкейіне сегіз ғасырдан бері қонақтап, құлақсінді болған «Түгел сөздің түбі бір, түпкі атасы – Майқы би» деген сөз көшпенділер өркениеті Майқы би өмір сүрген көне дәуірден басталатындығын аңғартады. Жалпы «Би» деген сөздің этимологиясына алғаш назар аударған ғұлама ғалым Шоқан Уәлиханов оның түбірін көне түркінің «Бек» және «Бей» сөздеріне тіреп, оның негізгі мағынасы «сотты» білдіретінін атап көрсеткен.

Тарихта Майқы биден қалған жеті түрлі мемлекеттік заң ережесі бар екені Моңғол империясының шежіресін талдап жазған әйгілі тарихшы Рашид ад-Диннің «Жамиғат-ат-тауарих» атты құнды еңбегінде атап көрсетілген. Аталған ережеде адам құны, жесірлер мен неке, жер иелігі мен бөлісі, ұрлық, барымта, дау-шарлар және мал құны туралы нақты көрсетілген. Сот шешімдері осы ережелермен айқындалған. Қазақ халқының негізін құраған ру-тайпалар Майқы би заманындағы Шыңғысхан қағанатының құрамындағы ұлыс болғандықтан, жоғарыда айтылған заң ережелері кейінде Керей мен Жәнібек хандар құрған Қазақ хандығының ел билеу ісінде кеңінен қолданылғандығы күмән тудырмайды.

Тарих тереңінен мұра болып қалған осы құқықтық қағидалар Керей мен Жәнібек хандардан кейінде Қазақ хандығын басқарған Бұрындық, Қасым, Тахир, Хақназар, Шығай, Тәуекел, Есім, Жәңгір хандардың тұстарында да қолданылып, Тәуке ханның кезінде дүниеге келген «Жеті Жарғы» заң ережелеріне жалғасты.

Есімдері жоғарыда аталған ел билеушілерінің ішіндегі Қасым және Есім хандардың тұсында шығарылған «Қасым ханның қасқа жолы» мен «Есім ханның ескі жолы» атты құқықтық жарғылардың да еліміз үшін маңызы зор болған.

Қасым хан дәуірінде хандықтың ішкі-сыртқы саяси жағдайы, халық бұқарасы мен билік сотының іс жүргізу мәселелері бойынша ежелден келе жатқан әдет-ғұрып, ереже-тәртіпке маңызды өзгерістер енгізген. Олар – мүлік заңы (мал, мүлік, жер дауларын шешу ережелері), қылмыс заңы (кісі өлтіру, ел шабу, мал талау, ұрлық қылмыстарына белгіленген жазалар), әскери заң (қосын құру, аламан міндеті, қара қазан, ердің құны, тұлпар ат), елшілік жоралары (төзімділік, шешендік, халықаралық қатынастарда сыпайылық, әдептілік) және жұртшылық заңы (ас, той, мерекеден шүлен тарату ережелері, жасауыл, бекеуіл, тұтқауылдардың міндеттері). Осындай бес қағидадан тұратын жарғыны қазіргі қолданыстағы Қылмыстық, Азаматтық кодекстермен және басқа заңдардың қағидаларымен салыстыра қарасақ, бір-бірімен мазмұндас екендігіне көз жеткіземіз.

Есім хан тұсында «Хан болсын, ханға лайық заң болсын. Би болсын, биге лайық үй болсын. Абыз болсын, абыз сайлау парыз болсын. Батыр болсын, жорық жолы мақұл болсын» деген саяси-әкімшілік, әскери және сот істеріне қатысты төрт салаға бөлінген жаңа құқықтық қағидалар енді. Аталған «Есім ханның ескі жолы» Тәуке ханның тұсында да аса жоғары мемлекеттік маңызға ие болған, кейін Ұлы дала Конституциясына теңелген «Жеті Жарғы» заңына дейін өзінің құқықтық маңызын жойған емес.

Тәуке өз кезінде белгілі қайраткер, көрнекті қолбасшы болған. Ал елге хан сайланған тұсында дәстүрлі құқық жүйесінің реформаторы және ұлтының бірлігі мен жерінің тұтастығын сақтауға жан аямай күш салған ірі мемлекеттік тұлға, дипломат-мәмілегер, айлакер қолбасшы ретінде танылған.

Тәуке хан тұсында хандық билік құрамында үлкен өзгерістер болып, Билер кеңесі институты кеңінен енгізілді. Бұл мемлекеттік орган Қазақ елінің саяси жүйесінде үлкен құқықтарға ие болуымен қатар, ішкі-сыртқы саясатты жүргізуде зор рөл атқарған.

Билер кеңесі рулар арасындағы шиеленіскен дауларды шешуде ерекше еңбек сіңірген. Оның құрамына ақылгөй ақсақалдардың жиынында бата алған, яғни сайланған «от ауыз, орақ тілді» шешендер, аймаққа танымал болған, беделді адамдар және ұрыстарда ерлік танытқан батырлар енген.

Билер кеңесі Сырдарияның бойындағы Әңгірен, Түркістан мен Сайрам жерінде орналасқан Битөбе, Мәртөбе деген жерлерде шақырылып тұрған. «Жеті Жарғыда» сол заманның негізгі мәселелері – сыртқы жаудың қандай да болсын шабуылына тойтарыс бере алатын күшті әскер және халықты оған

жұмылдыра білетін, ішкі саяси билікті мәмілегерлікпен жүргізе алатын басқару жүйесінің құқықтық ережелері аталып көрсетілген. Бір айта кетерлігі: ел ішіне ауызша таралған

«Жеті Жарғыда» Қазақ хандығының мемлекеттік құрылысы, биліктің қалыптасуы, хандарды сайлау тәртібі сияқты аса маңызды мәселелер қарастырылмаған. Бірақ, бұл сол кездегі саяси биліктің әлсіздігін көрсетпесе керек. Өйткені, қауымдық-патриархалдық қатынастардан кіндігін үзбеген қазақ қоғамында жеке тұлғаның, яғни ханның беделінің негізінде ел басқару өте тиімді болып, ол руаралық шиеленістерді тежеуге, ұлттық қауіпсіздік пен аумақтық тұтастықты қамтамасыз етуге қолайлы мүмкіндік берген.

«Жеті Жарғы» бойынша қазақ елінің барлық ру, тайпа басшыларына жылына бір рет күз айларында алдын ала белгіленген жерлерде құрылтай-кеңеске жиналу міндеттелген.

Қорыта айтсақ, хандық дәуірде бір-біріне жалғасқан құқықтық реформалар нәтижесінде дүниеге келген «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті Жарғысы» және ислам дінінің гуманизмге толы қағидалары ел өмірін дала демократиясының арнасына түсірген. Адамның өмірі, бостандығы мен бас еркі оның арқауына айналған. Осы жайында Елбасы өзінің «Тарих толқынында» атты кітабында: «Қазақ құқығының тарихында сол заманнан жеткен үш заң ескерткіші бар, олар аңыз бойынша Қасым мен Есім хандардың есімдеріне байланысты айтылатын «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» және Тәукенің «Жеті Жарғысы». «Жеті Жарғыға» XVII ғасырдағы қазақ қоғамының саяси және әлеуметтік өмір қажеттерінен туған қаулылар енді. Осынау құқықтық ескерткіштер қазақ халқының дербес мемлекеттік алып, бірлесуге құлшынған сан ғасырлық арманын айқын көрсетті», – деп жазған болатын. Президентіміздің бұл сөздері Қазақ хандығы тұсындағы елдегі құқықтық жүйеге берілген биік те әділ баға деп білеміз.

Хан тағына отырған сұлтандар мен бектердің ұлысты басқару істерін үйлесімді жүргізуіне елге кеңінен танылған билер жәрдемдесіп, орынды жерінде өз ақыл-кеңестерін беріп отырған. Бас уәзір қызметін, негізінен, халқына аса құрметті Орда биі атқарған. Ал мемлекеттік құрылымның үлкен-кішілігіне қарай ханның жанындағы Билер кеңесіне кіретін уәзірлердің құрамына 40-тан 90-ға дейін халыққа әділ билігімен танылған ұлық билер тағайындалған. Мәселен, Абылай хан үш жүзге билік жүргізген кезде Хан кеңесіне 42 уәзір кірген. Бас уәзірі атақты Қанай би болған. Сол сияқты, 1845 жылға дейін Бөкей ордасының хандық билігін сақтап келген Жәңгір ханның жанындағы Билер кеңесіне 12 би енгені туралы тарихи деректер бар. «Басшы

біреу болсын, қалғандары оған тіреу болсын» деген ұлағатты сөз де сол дәуірден қалған.

«Ұлтымыздың өзіне тән құқықтық мәдениетін қалыптастыруға билердің сіңірген еңбегі өлшеусіз» деген көрнекті ғалым-заңгер, академик С. Зимановтың қазақ билеріне берген биік бағасына біздің еш алып-қосарымыз жоқ.

Ал ХХ ғасырдың басында қазақ даласында зерттеу жүргізген шығыстанушы Л. Словохотов билер сотын «әділдіктің жоғары соты» деп, ал билерді «шындықтың жаршылары» деп атаған. Зерттеушілер И. Крафт билерді – «ақылдылар және шыншылдар» деп, И.Козлов «катал әділдіктің адамдары» деп бағалаған.

Ел аузынан күні бүгінгі дейін естіп жүрген «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген сөз билер ұстанған басты қағидат болғанына күмән жоқ. Билер халыққа сот төрелігін турашылдықпен жүзеге асыратын әділдігімен танылған. Олар сот төрелігін жүргізгенде қалыптасқан тәртіпті қатаң сақтай отырып, істің күрделілігі мен екі тараптың ықылас-мүдделеріне баса назар аударған. Сонымен бірге, іске қатысатын тараптардың өкілдері мен өзге де қатысушылардың мүмкіндігін шектемей, жариялылықты қатаң сақтайтын әділ қазылар бола білген. Соттың дәлелдеу қорытындысында кінәласқан екі тарапқа да ақиқат шындықты мойындата білген. Бірін жеңгізу, бірін жеңілгізу мақсатын көздемей, қара қылды қақ жарған шешімімен тараптарды татуластыра алса ғана әділдігімен даңқы асқан. Ондай билердің атақ-абыройы бүкіл елге тарап, мыңдаған шақырым жерден даушылар іздеп келіп, алдарына жүгінетін болған. «Адал би – әділ би» деген сөз сол кезде айтылған.

Билер сотының бітімгершілік пен бірлікті басты мұрат етуінің сырына үңіліп, пайымдап көрсек, «Бас жарылса – бөрік ішінде, қол сынса – жең ішінде» деген мақалды бекерден-бекер айтпаған дана халқымыздың табиғатына кеңпейілділік қана емес, керемет кешірімділік те тән екендігін анық зерделейміз. Осы орайда, елімізде 2011 жылы қабылданған «Медиация туралы» Заң арқылы реттелетін қоғамдық қатынастардың кейбір элементтері байырғы қазақ қоғамында да орын алғанын, дауларды шешудің кейбір жолдары бізге тарих қойнауынан жеткен дана билеріміздің шешімдерімен үндес, мазмұндас екенін аңғару қиын емес. Демек, бүгінгі медиация – қоғамымыздағы түрлі дау-дамайды даурықпай шешіп, әлеуметтік-адамгершілік ахуалды нығайтудың ғана емес, халқымыздың бойындағы кең пейілділік пен кешірімділік сынды асыл қасиеттерді жоғалтпай, ұрпақтан-ұрпаққа мирас етудің ата-бабамыздан қалған дәстүрлі жолы.

Адамды жақсылыққа жетелейтін қандай нақыл сөзге зер салсаңыз да оның тапқырлықпен айтылған ақыл-ойдың жемісі екеніне күмән келтіре алмайсыз. Дала данасы атанған Асан Қайғының: «Аса мінсіз асыл сөз ой түбінде жатады...» деуі де содан. «Билердің сөзі – ақылдың көзі» деген халық даналығы да тегіннен-тегін айтылмаған.

«Адамның басшысы – ақыл, жетекшісі – талап, шолушысы – ой, жолдасы – кәсіп, қорғаны – сабыр, қорғаушысы – мінез, сыншысы – халық». Бабаларымыздың бүкіл философияға арқау боларлық қағидаттарды жеті-ақ сөздің аясына сыйғызып айтқанына қайран қаласың. Осындай даналық сөздерді жадында сақтап өскен ұрпақ жаман қылықтарға бой ұрмай, ақыл-ойын әділдікпен шындап ер жетері хақ.

Жастардың ой-қиялын, зеректігін бала кезінен шындайтын талапшылдық қазақтың ежелден қалыптасқан тәрбие- тәлімінде мықтап орныққан. Тілі жүйрік, тауып айтатын талғамды сөзімен үлкен кісілердің көңілінен шыға білген өрендердің ой зердесін атақты билердің алдында зерттеп, сыннан өткізу жақсы үрдіс тапқан. Мысалы, бүкіл шығармасы философиялық ойға тұнып тұрған, он үш жасынан сот билігіне араласқан Абайдай кемеңгер данышпан кезінде мұндай сынның талайынан сүрінбей өткені баршаға мәлім.

Осы ретте біздің бүгінгі билеріміз, (судьялар) заңды терең білуімен ғана емес, философиялық ой тереңдігімен және шешендік өнерімен де ерекшеленіп тұруы керек. Осы орайда, алдағы уақытта судья лауазымына кандидаттарды іріктеу тетіктерін жаңарту және біліктілік талаптарын қатайту үшін Сот төрелігі институтын Жоғарғы Сотқа беру – сондай-ақ сапалы кадрлар даярлау ісінде ғана емес, судьялардың біліктілігін арттыруда да тың серпіліс туғызатындығы сөзсіз.

Ел басқаруда билер атқарған мемлекеттік қызметтерді санаға салып, салмақтасақ, олардың бүгінгі судьяларға ғана емес, сондай-ақ, заң шығарушы және орындаушы биліктің мүшелеріне жүктелген міндеттердің қайсысын болсын қыңқ етпей, қайыспас қара нарларша көтере білгенін ұғынып, азаматтық рухы биік асыл бабаларымыздың алдында тағзым етіп, бас иеміз.

Билер халықаралық дәрежеде мемлекет атын зор беделге жеткізетін, еліне береке-ырыс, жақсылық пен тыныштық әкелетін бітімгер дипломат – елшілер де бола білген.

Би бабаларымыз ел шаппай, қылыш көтермей, оқ атпай, ақыл мен парасаттылықтың арқасында небір дау-дамайларды бітімгершілікпен шешудің амалдарын қарастырып, ел бірлігін сақтауға барлық күш-жігерлерін сарп еткен.

Тарихта Шығыс Еуропа, Ресей, Қытай, Орта Азия, Жоңғария сынды елдермен қарым-қатынас орнатуда бастарын бәйгеге тігіп, Қазақ мемлекетінің беделін өсірген атақты билердің елшілік миссиялары туралы деректер аз емес.

Мәселен, тым әріге бармай-ақ, Керей мен Жәнібек хандардың тұсында би де болған Жиренше шешеннің, Есім хан тұсындағы Жиенбет би мен Марғасқа жыраудың, Әз Тәуке, Әбілмәмбет, Әбілпейіз, Абылай хандардың кездеріндегі Төле, Қазыбек, Әйтеке, Ақтайлақ, Құттыбай, Қанай билердің көршілес елдермен бірнеше мәрте жүргізген табысты дипломатиялық келісімдерінің арқасында Қазақ хандығы өзінің кең-байтақ жерінің тұтастығын сақтап қалған.

Бір сөзбен айтқанда, дүниежүзіндегі ешбір халықтың, ешқандай мемлекеттің даму тарихында кездеспейтін, тек қазақ ұлтының санасында сақталып, оның қоғамдық өмірінде мінсіз қызмет еткен билер соты, билер ұстанған құқықтық қағидалар – бүгінгі және кейінгі ұрпақтар үлгі-өнеге алар асыл мұрамыз, сарқылмас құқықтық байлығымыз.

Оны ел игілігіне айналдыру мақсатында атқарылған айтулы істердің бірегейі ретінде 2004 жылы Елбасының бастамасымен «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында «Қазақтың ата заңдары» атты құжаттар, деректер және зерттеулер жинағы 10 том болып қазақ, орыс, түрік және ағылшын тілдерінде шығарылғандығын айрықша атап айтқан жөн.

Елімізде өткізілген ғылыми конференциялар дана халқымыздың сана-сезімінде ықылым замандардан бері сақталып келе жатқан құқық мәдениеті мен ежелгі қазақ құқығының қағидаттары еліміздің Тәуелсіздік жылдарындағы заң шығарушылық үдерісінде еленіп-ескеріліп, төл заңнамамыздың ұлттық діліміз бен қазіргі заман талабына сай қалыптасуына көмегін тигізгендігі сөзсіз. Күні кеше 20 жылдық мерейтойы кеңінен аталып өтілген Қазақстан Республикасының Конституциясы – соның басты айғағы. Негізгі авторы Елбасымыз болып табылатын және халықтың кеңінен талқылауына ұсынылып, қарапайым азаматтар мен көрнекті ғалым-заңгерлеріміздің ақыл-кеңестері ескерілген Ата Заңымыз 1995 жылғы бүкілхалықтық референдумда барша қазақстандықтардың бір кісідей қолдауын тауып, бұлжымас бағыт ұстанар Темірқазығымызға айналды.

Сол Ата Заңымызға арқа сүйеген, халқымыздың бағына біткен Тұңғыш Президентіміз аса қиын саяси-экономикалық дағдарыс кездерінде де тірелген тұйықтан шығарар тура жолды тап басып тауып, егемен елімізді өркендеу мен өрлеу жолымен алға бастады. Бүгінде біз – биылғы президенттік сайлауда көпэтносты халқымыздың бұрын-соңды болмаған, айрықша зор қолдауына ие болған Ұлтымыздың Көшбасшысы Н. Назарбаевтың

басшылығымен әлемнің бәсекеге қабілетті елу елінің ортасынан орын алған, бір атаның баласындай ынтымақшыл да бақытты елміз. Ендігі ұлы мұратымыз – дүниежүзінің ең мықты отыз мемлекетінің қатарына қосылып, Мәңгілік Ел болу. Өз мемлекеттігінің бес жарым ғасырлық тарихында «мың өліп, мың тірілген» қазақ халқы дәл бүгінгідей биік дәрежеге ешқашан жете алмағандығы – айдай анық ақиқат.

Мемлекет билігінің сот тармағы бүгінгі таңда құқық үстемдігі негізінде әділ де сапалы сот төрелігін қамтамасыз етіп отырған сот жүйесінің дамыған моделі болып табылады. Бұған Қазақстан Республикасы Судьялар одағының Халықаралық судьялар қауымдастығының толыққұқықты мүшесі болып қабылданғандығы айғақ. Бұл Қазақстанның сот жүйесінің ойдағыдай дамуына берілген халықаралық жоғары баға болып саналады. Еліміздегі соттардың жыл сайын бір миллионға тарта істерді қарауы да халықтың соттарға айтарлықтай жоғары сенім білдіруінің көрсеткіші болса керек.

Қилы заманда «Бір жағадан – бас, бір жеңнен қол шығара» білген ұлы бабаларымыздың елдік пен ерлік дәстүрлерін қазіргі алмағайып кезеңде лайықты жалғастырып, Тәуелсіздігіміздің тұғырын биіктете түсу – бүгінгі ұрпақ – сіздер мен біздердің еншімізге тиген ұлы міндет. Ендеше, Тұңғыш Президентіміз талмай айтып келе жатқан басты құндылығымыз – халқымыздың бірлігін көзіміздің қарашығындай сақтай білейік. Бақ-жұлдызы жарқырай жанған туған халқымыз асқан тағы бір тарихи асу – Қазақ хандығының, һәм Қазақ мемлекеттігінің 550 жылдық мерейтойы құтты болсын!

**Қайрат Мәми, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы, заң ғылымдарының докторы, профессор**